

Азаматтық авиациядағы ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғыларын бағалау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 4 шілдедегі № 436 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 8 тамызда № 15458 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы 54-бабының 2-2-трамағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық авиациядағы ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғыларын бағалау жөніндегі қағидалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз тасымалдағышта және электрондық нысанда қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін ресми жариялау үшін мерзімді баспасөз басылымдарына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес, іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен астап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

Қазақстан Республикасы

Азаматтық авиациядағы ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғыларын бағалау жөніндегі қағидалар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық авиациядағы ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғыларын бағалау жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы 54-бабының 2-2-тармағына сәйкес әзірленген және азаматтық авиациядағы ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғыларын бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) авиациялық оқу орталығы (бұдан әрі - АОО) – авиация персоналын даярлауды, қайта даярлауды және кәсіптік деңгейде ұстауды жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

3) азаматтық авиациядағы ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғысын бағалау – нақты біліктілік деңгейі үшін белгіленген өлшемшарттарға сәйкестігін анықтау үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым жүргізетін сараптама;

4) барабарлық деңгейі – ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғысының белгілі бір сипаттамаларының әрқайсысы үшін белгіленген шынайылық деңгейі; 3)

5) біліктілік – белгіленген стандартқа сәйкес белгілі бір міндетті орындау үшін қажетті дағдылардың, білімдердің және іске көзқарастың үйлесімі;

6) біліктілік сынақтары бойынша негізгі нұсқау (ағылшын тілінде MQTG қысқартылған аббревиатурасы (бұдан әрі – MQTG)) – бастапқы біліктілікті бағалау сынақтарының нәтижелерін қамтитын ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғысын бағалау үшін пайдаланылатын негізгі құжат;

7) біліктілік сынақтары жөніндегі нұсқау (ағылшын тілінде QTG қысқартылған аббревиатурасы (бұдан әрі – QTG)) – сынақтардың нәтижелері, сәйкестігі туралы тұжырымдар сияқты және бағалауды жүргізуге мүмкіндік беретін басқа да ақпаратты қамтитын, тренажерді біліктілік бағалау үшін пайдаланылатын негізгі анықтамалық құжат;

8) валидациялық сынаулар – олардың көмегімен ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғысының параметрлерін тиісті әуе кемесінің осыған ұқсас техникалық сипаттамаларымен сәйкестендіру мүмкін болатын сынаулар;

9) жаңарту – ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғысының қазіргі біліктілік деңгейін сақтап қалу мақсатында техникалық мүмкіндіктерін жетілдіру немесе кеңейту;

10) кәсіптік даярлық – авиация персоналын бастапқы даярлау, қайта даярлау және кәсіптік деңгейде ұстау;

11) қабылдау сынақтары – тренажерде белгіленген параметрлердің көмегімен пайдалануға жарамдылығын растайтын тиісті деректерді салыстыруға болатын сынаулар;

12) модификациялау – авиациялық бұйымға типтік конструкциясын өзгертусіз және жөндеу болып табылмайтын өзгерістер енгізу;

13) тренажерді пайдаланушы – азаматтық авиациядағы ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғыларын пайдаланумен айналысатын заңды немесе жеке тұлға;

14) тренажерлік даярлық – авиация персоналын кәсіби даярлау процесі, одан өту кезінде білім алушы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым бекіткен имитациялаудың құрылғыларының көмегімен практикалық дағдылары мен машықтарын алады, ұстап тұрады және жетілдіреді;

15) ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғысының біліктілік деңгейі – ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғысының техникалық мүмкіндіктерінің деңгейі;

16) ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғысын жаңғырту – ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғысы деңгейінің біліктілігін арттыру мақсатында техникалық мүмкіндіктерді жетілдіру немесе кеңейту;

17) ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғысы (ағылшын тілінде FSTD қысқартылған аббревиатурасы (бұдан әрі – FSTD)) – олардың көмегімен жерде ұшудың жағдайлары имитацияланатын келесі үш түрлі құрылғының кез келгені:

механикалық, электрлік, электрондық және басқарудың басқа да борттық жүйелерін, ұшу экипажының мүшелері үшін әдеттегі жағдайды имитациялауға мүмкіндік беретін әуе кемесінің белгілі бір түрінің кабинасын және әуе кемесінің осы түрінің үш сипаттамаларын дәл көрсетуді қамтамасыз ететін ұшудың жағдайларын имитациялайтын тренажер;

экипаждың кабинасында жағдайды шынайы көрсетуді қамтамасыз ететін және аспаптардың көрсетулерін, механикалық, электрлік және электрондық және басқа да борттық жүйелердің қарапайым функцияларын, сондай-ақ белгілі бір кластағы әуе кемелерінің ұшу-техникалық сипаттамаларын имитациялайтын ұшудың техникасын пысықтауға арналған тренажер;

тиісті аспаптармен жабдықталған және экипаждың кабинасында аспаптар бойынша әуе кемесінің осыған ұқсас ұшу жағдайын имитациялайтын приборлар бойынша ұшуларға негізгі даярлыққа арналған тренажер;

18) ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғысының сипаттамалары – жалпы және техникалық талаптарды айқындау үшін пайдаланылатын параметрлердің сипаттамасы;

19) ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғысын пайдалану – тиісті авиация персоналын кәсіби даярлау процестерін және тренажердің пайдалану жарамдылығын қамтамасыз етуге бағытталған тренажерды пайдаланушы қызметінің барлық түрлері.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.07.2019 № 527 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағидаларда мынадай қысқартулар пайдаланылады:

1) CS-FSTD – Ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғыларының сертификаттық спецификациялары;

2) EASA – Еуропалық ұшулар қауіпсіздігі агенттігі;

3) FFS – толық пилотажды тренажер;

4) FTD – ұшу тренажері;

5) FNPT – ұшу-навигациялық рәсім тренажері;

6) BITD – негізгі борттық аспаптарға үйрету құрылғысы;

7) FPTD – рәсімдік тренажерлік құрылғы;

8) TDWS – тренажерлік құрылғылар бойынша жұмыс бағдарламасы.

9) MCC – көпмүшелі экипаждың өзара қарым-қатынасы.

2-тарау. Азаматтық авиациядағы ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғыларын бағалау тәртібі

4. Пайдалануға жарамдылығын айқындау үшін азаматтық авиациядағы ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғыларын бағалау бастапқы, кезеңдік және арнайы бағалау түрінде жүзеге асырылады.

Ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғыларын бастапқы бағалау тренажерлік құрылғыны пайдаланылатын орында алғаш орнатқан кезде жүргізіледі.

Тренажердің біліктілік деңгейіне қойылатын стандартты талаптарға жауап беретіндігін куәландыру мақсатында 1990 жылға дейін жүргізілген, мерзімді бағалау үш жылда бір рет жүргізілетін процедуралық тренажер құрылғысын (FPTD) қоспағанда, ұшуды имитациялайтын тренажер құрылғыларын мерзімді бағалау жыл сайын жүргізіледі

Ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғыларын арнайы бағалау:

тренажердің басқарылу сапасына және онда жүргізілетін ұшу-техникалық сипаттамаларға немесе жүйелерге әсер етуі мүмкін тренажердің аппараттық және (немесе) бағдарламалық қамтамасыз етуі елеулі өзгергенде;

тренажер жұмысы бастапқы біліктілік бағалауын жүргізу кезінде қойылатын стандартты талаптарға сәй келмейтінін көрсететін жағдай анықталған кезде;

жоғарырақ біліктілік деңгейін алу үшін тренажерді жаңғырту туралы өтінім алған кезде;

жаңа орынға орын ауыстырғанда;

иесі ауысқанда;

ұзақ мерзім (бір жылдан аса) сөндіріліп тұрғаннан кейін пайдалануға қайта енгізген кезде орындалады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 23.05.2024 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Тренажерді пайдаланушыны бастапқы, кезеңдік және арнайы бағалау жүргізу үшін, уәкілетті ұйымға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғысын бағалауды жүргізуге (бұдан әрі – өтінім) өтінімді ұсынады. Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының көшірмелері (жарғы, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

2) ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғысына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын инструкторлық персонал мен мамандар бойынша деректер;

3) ұшақтың тренажері үшін ИКАО 9625 құжатының 1-томы 1-бөлімінің 4-тарауында көрсетілген сәйкес бағаланатын FSTD пайдаланылатын пилоттар куәліктері түрлерінің, олардың біліктілігінің, біліктілік белгілерінің немесе даярлық түрлерінің тізбесі;

4) тікұшақтың тренажері үшін ИКАО 9625 құжатының 2-томы 1-бөлімінің 4-тарауында көрсетілген сәйкес бағаланатын FSTD пайдаланылатын пилоттар куәліктері түрлерінің, олардың біліктілігінің, біліктілік белгілерінің немесе даярлық түрлерінің тізбесі;

5) ұшақ тренажері үшін ИКАО 9625 құжатының 1-томы 5-бөлігіне және 1-бөлігі А толықтыруына сәйкес, даярлық түріне, куәліктің түріне қарай оқу тапсырмаларының матрицасы;

6) тікұшақ тренажері үшін ИКАО 9625 құжатының 2-томы 5-бөлігіне және 2-томы 1-бөлігінің А толықтыруына сәйкес, даярлық түріне, куәліктің түріне қарай оқу тапсырмаларының матрицасы;

7) ұшақ тренажері үшін ИКАО 9625 құжатының 1-томы 1-бөлігінің 6-тарауына сәйкес, FSTD модельдеуші сипаттамалары;

8) тікұшақ тренажері үшін ИКАО 9625 құжатының 2-томы 1-бөлігінің 6-тарауына сәйкес, FSTD модельдеуші сипаттамалары;

9) ұшақ тренажері үшін ИКАО 9625 құжатының 1-томы 1-бөлігінің 7-тарауына сәйкес, модельдеуші сипаттамаларының барабарлығы;

10) тікұшақ тренажері үшін ИКАО 9625 құжатының 2-томы 1-бөлігінің 7-тарауына сәйкес, модельдеуші сипаттамаларының барабарлығы.

Барлық құжаттар мөрмен және тренажерды пайдаланушы немесе ол уәкілеттік берген адамның қолымен куәландырылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.07.2019 № 527 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Тренажерді бағалаудың жалпы мерзімі уәкілетті ұйым өтінімді тіркеген сәттен бастап 42 (қырық екі) жұмыс күнінен аспайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.07.2019 № 527 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Уәкілетті ұйым ұсынылған құжаттарды өтінім тіркелген күннен бастап 21 (жиырма бір) жұмыс күннен аспайтын мерзімде қарайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.07.2019 № 527 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттардың толық еместігі фактісі анықталған жағдайда, өтінім тіркелген сәттен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тренажерды пайдаланушыға қайтару себебін көрсете отырып, қайтаруға жатады.

9. Ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғылары біліктілік деңгейлерінің түрлері EASA CS-FSTD сертификаттық спецификацияларында көзделген.

10. Уәкілетті ұйым өтінімді қарағаннан кейін, оны тіркеген сәттен бастап жиырма бес күннен аспайтын мерзімде, тренажерді бағалауды өткізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.07.2019 № 527 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым комиссиясының құрамына мынадай тұлғалар енгізіледі:

1) авиация персоналының қолданыстағы куәлігі бар немесе авиация персоналының куәлігі болған ұшқыш;

2) ұшуды имитациялайтын тренажер құрылғысын аппараттық, бағдарламалық қамтамасыз ету және компьютерлік модельдеу мәселелері бойынша білікті маман;

3) тренажерге сәйкес келетін әуе кемесінің үлгісінде ұшуды орындауға құқығы бар пилот немесе бұрын тренажерге сәйкес келетін әуе кемесінің үлгісінде рұқсаты болған SFI (synthetic flight instructor) біліктілігі бар тренажердің нұсқаушы-ұшқыш.

Осы тармақта аталған тұлғалар азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторы лауазымын атқарады және тренажерлерді бағалау бойынша оқытудан өтеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның штатында Қағидалардың осы тармағының 3) тармақшасында көрсетілген адам болмаған жағдайда, тренажерлерді

бағалау үшін пайдаланушы тарапынан адам тартылады. Бұл ретте тексерілетін пайдаланушы тарапынан адамды тартуға жол берілмейді. Мұндай адам тренажерларды бағалау бойынша оқытудан өтпейді.

Тренажерге бағалау жүргізу жөніндегі комиссияны азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ұшқыш-авиациялық инспекторы басқарады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 23.05.2024 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Тренажерлерді бағалаудың барлық түрлері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес, Авиациялық тренажерлерді бағалау стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

13. Тренажерді қабылдау сынақтары бағалау процесінде жүргізіледі және осы Қағидаларға Пилотаждық тренажерлерді қабылдау сынауларының кестесі 3-қосымшаға сәйкес пилотаждық тренажердың қабылдау сынақтары Кестесінде көрсетілген.

14. Тренажерді сынаудың және бағалаудың барлығы ИКАО 9625 "Ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғыларын біліктілік бағалау өлшемшарттары жөніндегі нұсқау" құжатында ұсынылған өлшемшарттарға сәйкес жүргізіледі.

15. Тренажерді бағалау аяқталғаннан кейін уәкілетті ұйым он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нәтижелер бойынша қорытынды (бұдан әрі - Қорытынды) жасайды.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.07.2019 № 527 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Тренажер қорытындысы екі данада, тұжырымдар мен ұсынымдарды көрсете отырып жасалады және комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

17. Оң қорытындының негізінде, уәкілетті ұйым Қорытындыға қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде тренажердің сәйкестік сертификатын (бұдан әрі – Сертификат) береді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.07.2019 № 527 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 3 (үш) жыл мерзімге берілетін 1990 жылға дейін өндірілген рәсімдік жаттығу құрылғысының (FPTD) сәйкестік сертификатын қоспағанда, Сертификат 1 (бір) жыл мерзімге беріледі.

Сертификаттың қолданылу мерзімі оны азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берген сәттен бастап айқындалады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 23.05.2024 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Теріс қорытындының негізінде уәкілетті ұйым Қорытындыға қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде бас тартудың себебін негіздей отырып, тренажердің пайдаланушысына хат жолдайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.07.2019 № 527 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Қорытынды жағдайлар.

20. Пайдаланушының атауы немесе ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда, пайдаланушы осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті ұйымға Сертификатты ауыстыруға өтінім жолдайды.

Уәкілетті ұйым пайдаланушы ұсынған құжаттарды 15 (он бес) жұмыс күнінде қарайды, оның қорытындысы бойынша тренажерлік құрылғыларды бағалауды жүргізбей, жаңа Сертификат береді.

Бұл ретте бұрын берілген Сертификат уәкілетті ұйымға қайтаруға және оны жоюдың тәсілін көрсете отырып, еркін нысандағы жою актісіне сәйкес жоюға жатады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.07.2019 № 527 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Азаматтық авиациядағы
ұшуды имитациялаудың
тренажерлік құрылғыларын
бағалау жөніндегі
қағидаларға
1-қосымша
Нысан

Ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғыларын бағалауды жүргізуге өтінім

(АОО, ұйымның, құрылымық бөлімшенің атауы)

2. Ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғысын бағалауды жүргізуді сұрайды (мыналарды көрсете отырып).

тренажердің маркалау нөмірі:

модельденетін әуе кемесінің типі және сериясы:

аэродинамикалық деректердің соңғы нұсқасы:

қозғалтқыштың типі және оның деректерінің соңғы нұсқасы:

әуе кемесін басқарудың жүйесі туралы деректердің соңғы нұсқасы:

модификациясы ұшу экипаждарын даярлау және кезеңдік тексеру үшін тренажерді пайдалану мүмкіндіктерінде көрінетін радиоэлектрондық жабдықтың техникалық жүйелерінің маркалау деректері:

тренажердің типі және оны дайындаушы:

тренажердің дайындалған күні:

тренажерде қолданылатын есептеуіштердің маркалануы:

визуализациялау жүйесінің типі және оны дайындаушы:

қозғалғыштық жүйесінің типі және оны дайындаушы.

3. Ұйым туралы мәліметтер:

1) меншік нысаны

2) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

нөмірі, кім және қашан берді)

3) заңдық (почталық) мекенжайы және басқа да реквизиттері

4) телефон/факс, электрондық почта

4. Қоса берілетін құжаттар

" ____ " _____ 20 ____ жыл.

Азаматтық авиация ұйымының басшысы _____

(Т.А.Ә. (егер бар болса) (қолы)

М.О.

Азаматтық авиациядағы
ұшуды имитациялаудың
тренажерлік құрылғыларын
бағалау жөніндегі
қағидаларға
2-қосымша

Авиациялық тренажерлерді бағалау стандарттары

Авиациялық тренажерлерді бағалау стандарттары	Авиациялық тренажерлердің санаттары					Ескертпе
	Негіздер	C	D	FTD	FNPT II	FNPT II MCC
1. Жалпы ережелер 1.1 Ұшу экипажының кабинасы – шынайы масштабтағы үлгісі жасалатын әуе кемесі (әрі қарай – ӘК) кабинасының дәл көшірмесі . Басқару органдарыны ң және ауыстырып-қ осқыштардың о р ы н ауыстыру бағыты ӘК-не ұқсас. Үлгісін жасау үшін пилоттар креслоларын ың артқы қалпы арқылы өтетін фюзеляждың көлденең жігінің						

алдында орналасқан кабинаның бүкіл кеңістігін елестетеді. Ұшу экипажының басқа қажетті мүшелерінің жұмыс орындары және пилоттар креслолары ның артындағы олар орналасқан деңгейдегі шпангоуттарға дейінгі кеңістікте ұшу экипажы кабинасының бөлігі болып есептеледі және ӘК-гі тиісті кеңістіктің дәл көшірмесі сияқты елестетілуі тиіс.	✓	✓	✓	✓	✓	
---	---	---	---	---	---	--

1.2 Желіні қорғау автоматтары, олармен жұмыс экипаждың кабинадағы іс-әрекеттер тәртібінде көзделген және/немесе экипаж көретін сигнализатор ларының іске қосылуына әкеледі, дәл ӘК-дей орналасқан	✓	✓	✓		✓	
---	---	---	---	--	---	--

және тура сол сияқты жұмыс істейді			✓		
------------------------------------	--	--	---	--	--

1.3 Қалыпты ұшуда кездесетін бетпе-бет қарсылық және тарту күшінің түрлі үйлесімдері кезінде аэродинамикалық сипаттамалардың өзгерістерінің әсері шынайы ұшу жағдайларын да байқалатын, оның ішінде ӘК-нің кеңістіктегі жағдайлардың өзгерістері әсеріне, тарту күшіне, бетпе бет қарсылығына, биіктікке, температураға, ұшу массасына, ауырлық орталығының қалпына және конфигурациясына сәйкес келеді. Тиісті ӘК-нің үлгісін жасауға қатысатын барлық аспаптардың көрсетулері ұшу экипажы мүшелерінің басқару әрекеттеріне	✓	✓	✓	✓	
--	---	---	---	---	--

немесе үлгісі жасалатын ұшаққа әсер ететін сыртқы ауытқуларға, мысалы турбуленттілік немесе желдің жылжуына өздігінен ден қояды				✓		
---	--	--	--	---	--	--

1.4 Байланыс және навигациялық жабдық, сондай-ақ ескерту және авариялық сигнализация жүйелері тренажерды пайдаланушының ӘК-де орнатылғандарға сәйкес келеді және қолданылатын борттық жабдық үшін көзделген рұқсаттардың шегінде жұмыс істейді	✓	✓	✓	✓	✓	Сандық мәндер ұсынылады.
--	---	---	---	---	---	--------------------------

1.5 Ұшу экипажының жұмыс орындарына толықтыру ретінде нұсқаушы/бақылаушыға және регламенттеуші өкілетті органның өкілі инспекторға арналған екі кресло бар. Өкілетті						
--	--	--	--	--	--	--

органдар ұшу экипажының сол бір кабинасының әр түрлі нұскаларын пайдаланудың негізінде осы талапты қанағаттандыратын түрлі мүмкіндіктерді қарастарады. Бұл креслолар пилоттардың аспаптық тақтасын және олардың алдыңғы шыныларын тиісті түрде көрінуін қамтамасыз етуі тиіс. Бақылаушылардың креслолары тиісті ӘК-нің креслоларына дәл ұқсас болуы міндетті емес, бірақ олар ӘК-не ұқсас мәжбүрлі шектеулі құрылғылармен жаракталанған болуы тиіс	✓	✓	✓	✓	✓	
---	---	---	---	---	---	--

1.6 Тренажердің жүйелері: жердегі сияқты, ұшу кезінде де ӘК-де қолданылатын жұмыстың үлгісін жасауы;						
---	--	--	--	--	--	--

калыпты жағдайларда, ерекше және авариялық ұшу ахуалдарында тиісті пайдалану рәсімдерін орындау үшін тренажерді қолдану кезінде жұмысқа қабілеттілікті сақтауы тиіс	✓	✓	✓	✓	✓	
---	---	---	---	---	---	--

1 . 7 Нұсқаушының жұмыс орнында орналасқан басқару органдары операторға барлық ауыспалы қажетті жүйелерді басқаруға және борттық жүйелерді ерекше немесе авариялық ахуалдағы жұмысқа ауыстыруға мүмкіндік береді	✓	✓	✓	✓	✓	Қажет болғанда, оқыту және жаттықтыру процесін жақсарту мақсатында, мынадай опцийлар болуы тиіс: 1 Ұшудың кез келген сатысында қайта позициялау және ұшуды тоқтату. 2 Ұшудың бейінімен көшірмелерді басып шығару .
---	---	---	---	---	---	--

1 . 8 Басқарушы күш-жігер және басқару тетіктерінің орнын ауыстыру үлгісі жасалатын ӘК-гі бар орынға сәйкес келеді.	✓	✓	✓		✓	
--	---	---	---	--	---	--

Ұшудың бірдей режимдері кезінде басқарушы күш ӘК-дей болуы тиіс				✓		
---	--	--	--	---	--	--

1.9 Пилоттар үшін мәні бар ұшу экипажының кабинасындағы және олардың әрекеттерінен туындаған дыбыстар ӘК-де естілетіндерге сәйкес келеді	✓	✓	✓	✓	✓	
--	---	---	---	---	---	--

1.10 Атмосфералық жауын-шашындар, әйнек тазалағыштар шығаратын дыбыстар және әдеттегі ұшуларда пилоттар қабылдайтын басқа да маңызы бар шуылдар елестейді және шектеулерден шығатын параметрлері бар қонудың үлгісін жасаған жағдайда ӘК-нің қирауының дыбыстық картинасы елестейді.	✓	✓				Сәйкестік туралы мәлімдеме (SOC) және ұшақ немесе оның жүйелері жасайтын шуылдар мен дыбыстарды елестетудің дұрыстығына сынақтар жүргізу талап етіледі.
--	---	---	--	--	--	---

--	--	--	--	--	--	--

1 . 1 1 Атмосфералық жауын-шашын-шашындар, әйнек тазалағыштар, қозғалтқыш және планер шығаратын дыбыстарды қоса алғанда кабинадағы дыбыстар мен шуылдардың амплитудасы мен жиілігі шынайы елестейді. Көрсетілген дыбыстар үлгісі жасалатын ауа райы жағдайларым е н үйлестірілген	✓	✓				Сәйкестік туралы мәлімдеме (SOC) және сынақтар жүргізу талап етіледі.
---	---	---	--	--	--	---

1 . 1 2 Басқарушылық және жерде қозғалу кезінде аэродинамикалық сипаттамалардың бағдарламалау мыналарды ескеруге мүмкіндік береді: Мысалы түзелудің басында және процесінде және жерге кону сәтінде. Елестету үшін жердің көтеру күшіне, бетпе бет қарсылыққа, бойлық сәтке,						
--	--	--	--	--	--	--

рульдердің және ауырлық күшінің баланстық қалпына әсері туралы деректер талап етіледі. 2) Жердің тиюіне реакция, яғни қалқалардың сығылуы, пневматикалардың үйкелісін, бүйірлік күштерін және ұшу және конфигурация режимін айқындау үшін қажетті салмақ және жылдамдық сияқты басқа да тиісті деректерді қамтитын ӘК-нің жерге қонуы кезінде ҰҚҚЖ-мен жанасу реакциясы. 3) Жерде басқарушылықтың сипаттамасы. Бүйірлік желдерді булау, тежеу және ауырлық күшін реверсирлеу үшін кіру басқарушылық әсерлер, сондай-ақ жылдамдықты азайту процесі және бұрылыс радиусы.	✓ ✓	✓ ✓ ✓		✓ ✓	✓ ✓	
--	-------------------	----------------------------	--	-------------------	-------------------	--

1.13 Желдің жылжу феноменін тану және талап етілетін маневрлерді орындау үшін қажетті спецификалық ұшу даярлығын қамтамасыз ететін желдің жылжу модельдері. Мұндай модельдер авиациялық оқиғаларын зерттеудің нәтижелері бойынша өлшенген немесе әзірленген желдің өзгерістерін елестетуі, бірақ олардың қайталануына кепілдік беретін осы құбылыстың жеңілдетілген						
--	--	--	--	--	--	--

түрлерін де қамтуы мүмкін. Мысалы, модель желдің бірнеше тәуелсіз компоненттерінен тұруы мүмкін. Желдің модельдерін ұшудың мынадай күрделі сатылары үшін көздеген жөн: 1) Шассидің алдыңғы тіреуі көтерілгенге дейінгі ұшудың сатысы, 2) ұшып көтерілу сәтіне арналған, 3) биіктікті бастапқы алу сатысы үшін, 4) қонуға кірудің басталар алдында және ең соңғы сатысында.	✓	✓					Сынаулар
---	---	---	--	--	--	--	----------

						жүргізуді талап етеді.
--	--	--	--	--	--	------------------------

1.14 Бүйірлік желдердің үлгісін жасау пайдалану жағдайларына сәйкес келеді және нұсқаушыда жылдамдық пен желдің бағытына тапсырмалар бар.	✓	✓	✓	✓	✓	Сәйкестікке арыз талап етіледі (SOC)
---	---	---	---	---	---	--------------------------------------

1.15 ӘК-де алынған деректерге сәйкес, тежеуді басқару және жолды басқару жөніндегі күш шынайы, ең болмағанда ҰҚКЖ келесі жағдайлар үшін жоқ дегенде шынайылыққа сәйкес келеді: 1) құрғақ, 2) дымқыл, 3) мұзданған, 4) су учаскелерімен жабылған, 5) мұз учаскелерімен жабылған, 6) жерге кону аймағында резеңкенің іздеріндегі дымқылмен.	✓	✓				а, б және с тармақтарына сәйкестікке объективтік сынаулар талап етіледі. Сәйкестікке субъективтік тексерулер талап етіледі.
---	---	---	--	--	--	---

1.16 Тежегіштерді						
-------------------	--	--	--	--	--	--

ң және пневматиктердің (антиюздік құрылғылардың істен шығуын қосалғанда) істен шығу көріністерінің динамикалық сипаттамалары, сондай-ақ тежегіштердің қызуынан тежеу тиімділігінің төмендеуі ӨК-де алынған шынайы деректерге сәйкес келеді.	✓	✓				Сәйкестікке мәлімдеме талап етіледі (SOC). Тежегіштердің қызуынан тежеу тиімділігінің төмендеуін бағалау үшін сынақтарды өткізу талап етіледі.
--	---	---	--	--	--	---

1.17 Тренажердің бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етілуін тез және тиімді тексеру құралдары бар. Ол IQTG көрсетілген сынақтардың ең болмағанда бір бөлігін орындауға қабілетті автоматтандырылған жүйені қамтуы мүмкін.	✓	✓				Сәйкестікке мәлімдеме талап етіледі (SOC).
--	---	---	--	--	--	--

1.18 Тренажер есептеуішінің өнімділігі, дәлдігі, жіберу қабілеті және						
---	--	--	--	--	--	--

динамикалық сипаттамалары күтілетін біліктілік деңгейін алу үшін жеткілікті.	✓	✓	✓			Сәйкестікке мәлімдеме талап етіледі (SOC).
--	---	---	---	--	--	--

1.19 Басқару рычагтарында к ү ш жұмсауды елестету жүйесінің динамикалық сипаттамалары үлгісі жасалатын ӘК-гі осыған ұқсас сипаттамаларға сәйкес келеді. Басқару рычагтарының еркін қозғалуы ӘК-гі рұқсат етілген шекке сәйкес келеді. Тренажерді бастапқы бағалау және жетілдірілгеннен кейін бағалау кезінде босатылған басқару рычагтарының реакциясы тіркеледі (бағаналар, штурвал және бағыт рулінің педальдары). Өлшеніп алынған реакция ұшақта ұшу, крейсерлік және қону конфигурация						
---	--	--	--	--	--	--

ларындағыға сәйкес келуі тиіс. 1) Басқарудың қайтарусыз жүйелері бар ӨК үшін егер толық және статикалық қысымды қабылдауыштардың есігіне шамасы ұшудағы типтік мәндерге сәйкес келетін қысым берілсе, тиісті өлшеулерді жерде орындауға болады. Жерүсті сынақтарына рұқсат етілгенін немесе қандай да бір конфигурациядан өткізуді дәлелдеу үшін инженерлік талдаудың нәтижелері немесе ӨК-н өндірушінің негіздемесі ұсынылуы тиіс. 2) Басқару рычагтарының сипаттамаларына статикалық және динамикалық сынаулар жүргізілуі қажет тренажерлер үшін	✓	✓					Сәйкестікке мәлімдеме
---	---	---	--	--	--	--	-----------------------

бастапқы бағалауда бұл рычагтарға арнайы сынау қондырғыларын орнату талап етілмейді, егер IQTG құжатында көрсетілген құралдардың көмегімен сынақтардың бір уақытта тіркелген нәтижелері және баламалы әдістің көмегімен сынаулардың тіркелген нәтижелері келтірілген болса, мысалы есептеуіш құрастырған кестелер келтірілген болса. Мұндай жағдайларда бастапқы бағалауды жүргізу кезінде осы талапты қанағаттандыру үшін сынақтардың баламалы әдісін қайталаумен шектелу мүмкін. Сынақтар жүргізу талап етіледі.						талап етіледі (SOC).
--	--	--	--	--	--	----------------------

1.20 Визуалды						
------------------	--	--	--	--	--	--

ка ра у жүйесінің реакциясы ұ ш у экипажының кабинысындағ ы аспаптардың реакциясымен ж ә н е қозғалмалы жүйенің бастапқы реакциясымен жа қ с ы келіседі, бұл қозғалыстың интегралдық сенсорлық қабылдануын қамтамасыз етеді. Көрсетілген жүйелер пилоттың тангаж арналарындағ ы, креннің және 150 миллисекундт ан аспайтын, бірақ сол жағдайларда ӨК-нің өзінің ден қоюынан ерте емес желуіне күрт басқару әрекетіне ден қояды. Индициялық визуалды жағдайда стационарлық келіспеушілік терден туындаған өзгерістердің кешігуі жүйедегі динамикалық кешігудің 150 миллисекундт ық рұқсаты							
---	--	--	--	--	--	--	--

шегінде болады. Бұл ретте өзгерістер келіспеушілік тің әсерінен болған іс-әрекеттен ерте болмайды. Осы талаптарға сәйкестікті бағалау үшін жүргізілетін сынақтарда пилоттың басқару тұтқасының орын ауыстыруыны ң осыған ұқсас сигналын, штрувалды және педальдарды, пилоттардың креслоларына жақын қозғалысты елестету жүйесінің платформасы нда орнатылған акселерометр дің сигналын, визуалдау жүйесінің экрандық индикаторына (оның осыған ұқсас элементтерінд е кешігулерді ескере отырып) және ӘК-нің кеңістіктік қалпы индикаторына берілетін шығу							
--	--	--	--	--	--	--	--

сигналының бір уақытта тіркелуін көздеген жөн. Регламенттеуші өкілетті органдар мақұлдаған эквиваленттік сынақтарды да өткізуге болады. Тренажердің реакциясын тіркейтін сынақтардың нәтижелері ұшу, крейсерлік және қону конфигурацияларында шынайы ӨК-нің реакциясына сәйкес келетін деректермен салыстыра беріледі. Мұның мақсаты – көліктік бөгелулер немесе уақытша кешігулер 150 миллисекундтан аспайтынын және қозғалысты сезіну және визуалдық ахуалды қабылдау ӨК-нің шынайы реакциясына сәйкес келетінін растау. ӨК-нің реакциясының датчигі	✓	✓	✓	✓	✓	Сәйкестікке мәлімдеме талап етіледі (SOC) FTD, FNPTII және FNPTIIMCC санаттары үшін ең жоғары рұқсат етілген көліктік бөгелу 300 миллисекунд.
---	---	---	---	---	---	--

ретінде айналу осіне сәйкес көлденең әрекет ететін жеделдетуді өлшейтін акселерометр д і пайдаланған абзал. Тренажердің жүйесіндегі бөгелу 15 миллисекундт а н аспайтынын көрсетудің балалмалы әдісі ретінде мақсаты көліктік бөгелуді өлшеу болып табылатын сынақты пайдалануға болады. Мұндай сынақтардың барысында пилоттың басқару рычагынан жүктеу жүйесінің электрондық жабдығы, олардың дұрыс бірізділігін ескере отырып, тренажердің бағдарламалы қ қамтамасыз етілуінің барлық модульдеріме н бірге қосу аппаратурасы арқылы сатылы сигналдың							
---	--	--	--	--	--	--	--

бірте-бірте
өтуі кезінде
оның барлық
бөгелулері
өлшенеді, бұл
ү ш і н
ақырында,
өтудің шығу
құрылғысы
арқылы
қозғалыс
ж ә н е
визуалды
қарау,
сондай-ақ
аспаптық
тақтайша
арқылы
байланыс
орнату
хаттамасы
пайдаланылад
ы. Тіркелетін
уақытты
есептеуді
бастау сәті
ретінде
пилоттың кіру
басқарушылы
қ әсер етуі
с ә т і н
пайдаланған
ж ө н .
Сынақтар
режимі
есептеулерді
орындау үшін
қажетті
қалыпты
у а қ ы т
интервалын
қамтамасыз
етеді және
аппараттық
ж ә н е
бағдарламалы
қ қамтамасыз
етудің жүйесі
арқылы
ақпараттың
ағынын
өзгертпейді.
О с ы
жағдайларда

жүйенің көліктік бөгелуі – бұл басқарушының кіру сигналын беруі мен құрылғының жекелеген аппараттарының реакциясы арасындағы уақыт. Әрбір ось үшін бөгелуді тек бір рет өлшеу керек.						
--	--	--	--	--	--	--

1.2.1 Аэродинамикалық сипаттамалардың үлгісін жасау ӘК-н өндірушіден алынған осы ұшу сынақтарының деректері негізінде жүзеге асырылады. 1980 жылдың маусымынан кейінгі типтегі бастапқы сертификат алған ӘК үшін, мұндай үлгіні жасау мынадай әсерлерді елестетуді қамтиды: аз биіктікте көлденең ұшу кезінде жерді, үлкен биіктіктерде ұшу кезінде М сандарын, планердің		✓				Сәйкестікке мәлімдеме талап етіледі (SOC) Жердің әсеріне қатысты одан әрі ақпарат алу үшін. М санының, аэросерпінділіктің әсерін есепке алу, және сырғу кезінде сызықсыздықты елестету аэродинамика моделінде іске асырылатын әдеттегі функциялар болып табылады. SOC-та әсердің көрсетілген әрбір түріне
--	--	---	--	--	--	--

мұздануын, басқарушы тегіс беттерге қалыпты және реверсивтік тартылу күшін, аэросерпінділікті, сондай-ақ сырғудан болған аэродинамикалық сызықсыздарды елестету.						арналған бөлімдер болуы тиіс. Тартылу күшінің әсерін бағалау үшін жекелген сынақтар талап етіледі.
--	--	--	--	--	--	--

1.22 Үлгіні жасау кезінде тартылу күші реверсінің аэродинамикалық сипаттамалар мен жер реакциясының күші арқылы жолды басқаруға әсері ескеріледі.	✓	✓				Сәйкестікке мәлімдеме талап етіледі (SOC) және мұзданудың әсерін көрсету.
--	---	---	--	--	--	--

1.23 Сынау кезінде алынған деректерге оның сипаттамаларының сәйкестігін бағалауға мүмкіндік беретін тренажерді аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді өзін-өзі тексеру көзделген. Тексерудің						
--	--	--	--	--	--	--

нәтижелері туралы деректерді қамтыған материалда мынадай параметрлер көрсетілуі тиіс: Тренажердің нөмірі, күні, уақыты, жағдайлары, Ә К деректерімен салыстырғанда тиісті тәуелді өзгерістердің өзгеруіне рұқсаттар мен графикалар. Белгіленген шектерден тыс стандарттың сипаттамалары шығу кезінде " рұқсаттан тыс " ескерту жалауша сигнализациясының өздігінен қалыптасуы көтермеленеді.	✓	✓				Сәйкестікке мәлімдеме (SOC) және сынақтар жүргізу талап етіледі.
--	---	---	--	--	--	--

1.24 Тренажер элементтерінің істен шығуы бойынша нұскамалық материалда баяндалған талаптарға сәйкестікті бағалауға мүмкіндік беретін тренажердің ақауларын						Сәйкестікке мәлімдеме (SOC) және сынақтар жүргізу талап етіледі. 1992 жылға дейін тапсырыс
---	--	--	--	--	--	--

диагностикал а у нәтижелерінің б а с ы п шығарылуын алу көзделген. Мұндай б а с ы п шығарулар ақауларды күн сайын тіркеу журналының бөлімі ретінде тренажерді келесі кезеңдік бағалауға д е й і н сакталады.		✓				берілген және К Г А мақұлдаған басқа құжатқа сәйкес "С" біліктілік санатын алған тренажерлер ү ш і н , автотестілеу жүйесі талап етілмеуі мүмкін.
---	--	---	--	--	--	---

1.25 ӘК-нің әрбір үлгісін жасағаннан к е й і н тренажердің аппараттық ж ә н е бағдарламалы қ қамтамасыз етуін тиісті толықтырып ж а с а у уақтылы жүргізіледі.	✓	✓	✓			
---	---	---	---	--	--	--

1.26 Күн сайын ұшу алдындағы құжаттама тренажердің жұмысын күн сайын тіркеу журналына енгізіледі немесе қарау үшін оңай қолжетімді орында сакталады.	✓	✓	✓	✓	✓	
---	---	---	---	---	---	--

--	--	--	--	--	--	--

2 . Қозғалмалы лық жүйелері 2.1 Пилот қабылдайтын қозғалыс сезімі ӨК-нің қозғалысына сәйкес келеді, мысалы, қону кезіндегі сезім үлгісі жасалатын төмендеу жылдамдығы н а байланысты.	✓	✓				Сәйкестікке мәлімдеме (SOC) талап етіледі.
---	---	---	--	--	--	---

2 . 2 Қозғалмалы лық жүйесі ең болмағанда алты дәрежелі қозғалмалы платформаны ң негізіндегі синергиялық ж ү й е тудыратындар ғ а эквивалентті сезімдер алуды қамтамасыз етеді.	✓	✓				
---	---	---	--	--	--	--

2.3 ӨК-нің деректерімен салыстыру ү ш і н платформаны ң қозғалмалылы ғын тіркеу құралдары көзделген.	✓	✓				
---	---	---	--	--	--	--

2.4 Мынадай сезімдерді елестетуге арналған арнайы						
---	--	--	--	--	--	--

бағдарламалық қамтамасыз етудің болуы: 1) ҰКҚЖ бойынша қозғалу кезінде шайқалу, шасси тіректерінің сығылу, жол жылдамдығы мен ҰКҚЖ тегіссіздіктердің әсер етудыбыстары. 2) Интерцепторларды/ауа тежегіштерін шығару және қарсылық күшінің реверсі кезінде жердегі шайқалулар. 3) Шассидің алдыңғы және негізгі тіректері үзілгеннен кейінгі жұлқулар. 4) Шассиді шығару және жинау кезіндегі шайқалулар. 5) қанаттарды және интерцепторлар/әуе тежеуіштерін шығарған кезде ауадағы шайқалулар. 6) Ағынның үзілуі кезінде V_c (V_s) сертификатталған құлау жылдамдығына жеткенге	✓	✓					Сәйкестікке мәлімдеме (SOC) және
---	---	---	--	--	--	--	----------------------------------

дейінгі шайқалулар, бірақ жылдамдықтың үлкен мәндері жағдайында міндетті емес. 7) ҰҚҚЖ бетіне шассидің негізгі және алдыңғы тіректерінің доңғалақтары жанасқан сәтте шынайыға сәйкес келетін сезінулер. 8) Тежеуіштерді пайдалану кезінде рульдеу және тартымның әсері кезінде алдыңғы доңғалақтың бұрылысы. 9) М санының сыни мәні көтерілген кездегі шайқалулар.						сынақтар жүргізу талап етіледі.
---	--	--	--	--	--	--

2.5 ӘК-нің ұшу жағдайларына байланысты шайқалулардың сипаттамалық түрлерін елестету, олар ұшу экипажының кабинасында сезілуі мүмкін (мысалы, жоғары жылдамдықта, шассилер						
--	--	--	--	--	--	--

